

ПРОТОКОЛ №1

ХАТТАМА №1

« 25 » 08 2026 г.

« 25 » 08 2026 ж.

Академиялық кеңесінің мәжілісі

Іс-шара түрі: Университеттің Академиялық кеңесінің мәжілісі

Төраға - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Ж.О.Жилбаев

Хатшы Оқу процесін цифрлық және әдістемелік қамтамасыздандыру бөлімінің басшысы
Г.Д.Есентуреева

Қатысқандар: қатысу парағы бойынша

Шақырылғандар: қатысу парағы бойынша

Академиялық кеңес төрағасы, Ж.О.Жилбаев: Қайырлы күн, құрметті академиялық кеңес мүшелері, әріптестер! Бүгінгі Академиялық кеңес мәжілісінің күн тәртібінде үш негізгі және әртүрлі мәселелер қаралады. Күн тәртібіндегі қаралатын негізгі сұрақтар мен әртүрлі мәселелерге, пікір айту мен талқылауларда регламент сақтауларыңызды сұранамын. Құрметті әріптестер, күн тәртібін бекітуді дауысқа саламын.

№1 Академиялық кеңес мәжілісінің

КҮН ТӘРТІБІ:

1.1 Академиялық кеңестің құрамын бекіту

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 2026–2027 оқу жылына университеттің Академиялық кеңесінің құрамы бекітілсін.

1.2 2026-2027 оқу жылына арналған Академиялық кеңестің жоспарын талқылау және бекіту

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Университеттің 2026–2027 оқу жылына арналған Академиялық кеңес жоспары бекітілсін.

- Факультет декандары, кафедра меңгерушілері және жауапты құрылымдық бөлім басшылары жоспардағы іс-шаралардың белгіленген мерзімде әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етсін.

1.3 2026-2027 оқу жылына білім беру бағдарламаларын ҚР педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру бойынша міндеттерді қарастыру туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 2026–2027 оқу жылында Қазақстан Республикасының педагогикалық білім беруді дамыту тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі міндеттер мақұлданып, білім беру бағдарламаларын жаңарту, білім сапасын арттыру, жұмыс берушілермен ынтымақтастықты нығайту және цифрлық білім беру технологияларын оқу үдерісіне кіріктіру жұмыстары қамтамасыз етілсін.

1.4 Әр түрлі мәселелер

1.4.1 2026-2027 оқу жылына арналған пәндердің оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус) мен белсенді үлестірімелі материалдарын (БҮМ) дайындау туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 2026–2027 оқу жылына арналған пәндердің силлабустары мен белсенді үлестірімелі материалдары белгіленген талаптарға сәйкес әзірленіп, кафедра мәжілістерінде ғылыми-әдістемелік сараптамадан өткізілсін және «Platonus» ақпараттық жүйесіне уақтылы жүктелуі қамтамасыз етілсін, орындалуына кафедра меңгерушілері жауапты болып белгіленсін.

1.4.2 2026-2027 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылардың БОӨЖ (білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысын) өткізу кестесін бекіту туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- 2026–2027 оқу жылының күзгі жартыжылдығына арналған профессор-оқытушылар құрамының білім алушылардың оқытушымен өзіндік жұмысын (БОӨЖ) өткізу кестесі бекітілсін.

1.4.3 Факультеттердің оқу-әдістемелік жұмыстарының жоспарларын қарастыру және талқылау

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Факультеттердің 2026–2027 оқу жылына арналған оқу-әдістемелік жұмыс жоспарлары бекітуге ұсынылсын.

1.4.4 Университет профессор-оқытушыларының баспаға ұсынылатын оқу-әдістемелік құралы жайлы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- Ж.Ш.Есмаханова, Г.Т.Жусипова, Г.Д.Есентурееваның дайындаған «Биологияны цифрлық ортада оқыту: Moodle платформасындағы аралас оқытудың теориясы мен практикасы» атты оқу құралы баспаға ұсынылсын.

1.4.5 «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушысы Қасмырзаев Бекмырза Наурызбекұлын аға оқытушы лауазымына ұсыну туралы

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

- «Кәсіптік оқыту және бейнелеу өнері» кафедрасының оқытушысы Б.Н.Қасмырзаевты аға оқытушы лауазымына тағайындау туралы өтініші Ғылыми кеңестің қарауына ұсынылсын.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс

Хатшы

Г.Д.Есентуреева